

Шектеу іс – шараларын алу және "Ұлан ауданының Бозанбай ауылдық округінің Алғабас ауылы және "Ермек" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы " Ұлан ауданының Бозанбай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 10 тамыздағы № 5 шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Бозанбай ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 23 қыркүйектегі № 5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 24 қыркүйекте № 6171 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46 бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ұлан аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының 2019 жылғы 20 маусымдағы № 01-26/197 ұсынысы негізінде, Бозанбай ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Ірі қара малдардың бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс – шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Ұлан ауданының Бозанбай ауылдық округінің Алғабас ауылы және "Ермек" шаруа қожалығында шектеу іс – шаралары алынсын.

2. Ұлан ауданы Бозанбай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 10 тамыздағы № 5 " Ұлан ауданының Бозанбай ауылдық округінің Алғабас ауылы және "Ермек" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-17-190 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 14 тамыздағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

3. "Бозанбай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен бекітілген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап, күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін Ұлан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жариялағаннан кейін осы шешімді Ұлан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бозанбай ауылдық округінің әкімі

Бустакбаев С. Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК